

Сілтеме

Арқасүйер күш — орташа тап



Тәуелсіз Қазақстанның жаңа қоғамдық құрылыс құруға, жаңа экономикалық қатынастар орнатуға бетбұрғанына да, міне, үш жыл болды. Қоғамдағы жаңарту-жаңғырту сыйпатындағы құбылыстардың қандайы болсын ғылыми жағынан тұжырымдалған белгілі бір бағдарсыз мүмкін емес. Біздің нарықтық экономикаға баруда кібіртіктеп, әлі де жеткілікті ілгерілей алмай жатуымыздың бір себебі қоғамның идеялық дағдарысқа ұшырап отырғандығында да болса керек. Ал, бұл дағдарыстан алып шығар күш бар ма, бар болса олар — кімдер?

Мұндай теориялық мәселелер өткен жылдың күзінде Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің қарауына ұсынылған Қазақстан азаматтарының жаңа социо-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру Концепциясының жобасында егжей-тегжейлі айтылады. Бұл еңбектің авторлары — Республика Ұлттық академиясының президенті, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев бастаған ғалымдар тобы.

Академик К. Ә. Сағадиевтің осы өзекті мәселелер жөніндегі «Арқасүйер күш — орташа тап» атты соны ой-толғанысын газеттің 3-бетінен оқисыздар.

